



БҰЙРЫҚ

2021 жылғы 13 қаңтар

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 9

город Караганда

«МеталлСтрой» ЖШС уақытша басқарушысы болып тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабының 1-2) тармақшасына сәйкес, «МеталлСтрой» ЖШС банкроттық рәсімді қолдану бойынша істі қозғау туралы Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 11 қаңтардағы ұйғарымына және Қарағанды қаласы Октябрь ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы хатына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. «МеталлСтрой» ЖШС, БСН 080840004332, уақытша басқарушысы болып Асылбек Акжигитович Бигельдин тағайындалсын.

2. Асылбек Акжигитович Бигельдинге «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес уақытша басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.

3. Уақытша басқарушы Асылбек Акжигитович Бигельдин «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасы басшысына А.М. Адамбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

К. Орқашбаев